

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша 2017 жылдың 7 айында келесідей негізгі нәтижелерге қол жеткізілді.

Тұрғын үй құрылыс жинақтары бағыты бойынша 105,6 млрд. теңгеге қарыз беру жоспарында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі жалпы сомасы 139,6 млрд. теңгеге 21,2 мың қарыз берді.

Елбасының тапсырмасы бойынша жалпы сомасы 49,6 млрд. теңгеге салымдарды өтеу аяқталды, оның ішінде ТҮҚЖБ меншікті қаражатының есебінен - 19,4 млрд. теңгеге.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі тарапынан бизнес-үдерістер бойынша талаптар оңтайландырылды және төмендетілді, ол тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы күн сайын жасалатын шарттар санын 2,5 есе арттыруға мүмкіндік берді.

Анықтама ретінде: 2017 жылдың 3 сәуірінен бастап салымды ашу және шартты соманы арттыру үшін комиссиялар жойылды.

Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарын сатып алу бағыты бойынша 28,8 млрд. теңгеге облигацияларды сатып алу жоспарында 28,7 млрд. теңгеге бағалы қағаздар сатып алынды.

Анықтама ретінде: 0,1 млрд. теңге көлеміндегі қалдық жергілікті атқарушы органдардың конкурстық шараларының нәтижесі бойынша қаражат үнемдеу есебінен қалыптасты. Бұл қаражат 2017 жылдың 2 жартысында бағалы қағаздарды қосымша сатып алуға бағытталады.

Жалға берілетін және кредиттік тұрғын үй салу бағыты бойынша Бәйтерек девелопмент 100 мың м² енгізу жоспарында 240,2 мың м² (3 959 пәтер) тапсырды.

Тұрғын үйлерді енгізу көлемін асыра орындау жеке құрылыс салушылар тарапынан құрылыстың жоғары қарқынына байланысты.

Жалға берілетін тұрғын үй құрылысы бағыты бойынша Қазақстандық Ипотекалық Компания белгіленген жоспарға сәйкес пайдалануға 111,1 мың м² (2 020 пәтер) тапсырды.

2017 жылдың 7 айының қорытындылары бойынша «Бәйтерек» Холдингі жоғарыда аталған бағдарламаларға сай жоспарланған индикаторларға қол жеткізді.